



## Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің отын-энергетикалық теңгерімін бірлесіп әзірлеу туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 сәуірдегі N 287 Қаулысы.

РҚАО-ның ескертпесі!

Келісімнің қолданысы тоқтатылды - ҚР 24.12.2014 № 266-V Заңымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2005 жылғы 27 қыркүйекте Душанбе қаласында жасалған Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің отын-энергетикалық теңгерімін бірлесіп әзірлеу туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

---

### ЕУАЗИЯ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҒЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕСІ

---

#### ШЕШІМ

2005 жылғы 27 қыркүйек **N 239** Душанбе қаласы

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше  
мемлекеттердің отын-энергетикалық теңгерімін бірлесіп  
әзірлеу жөніндегі келісім туралы

Еуразия экономикалық қоғамдастығының мемлекетаралық кеңесі (үкімет басшыларының деңгейінде)

**шешті :**

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің отын-энергетикалық теңгерімін бірлесіп әзірлеу туралы келісім қабылданын (қоса беріліп отыр).

**ЕуразЭҚ-тың мемлекетаралық кеңесінің мүшелері:**

Беларусь Қазақстан Қырғыз

Республикасынан Республикасынан Республикасынан

Ресей Тәжікстан

Федерациясынан Республикасынан

## **Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің отын-энергетикалық теңгерімін бірлесіп әзірлеу туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің Үкіметтері,

1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шарттың және 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразия экономикалық қоғамдастығын құру туралы шарттың ережелерін басшылыққа ала отырып,

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ) өзара толықтырылатын отын-энергетикалық кешендерін біріктіруге және оның артықшылықтарын ұлттық экономиканы дамытуға тиімді пайдалануға өзара ұмтылысын ескере отырып,

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің отын-энергетикалық ресурстары ішкі рыногының сұранысы мен ұсыныстарының теңгерімділігін қамтамасыз ету, осы ресурстардың өзара тиімді мемлекетаралық жеткізілімдерін кеңейту мақсатында,

1996 жылғы 29 наурыздағы Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы энергетикалық жүйелердің өзара ынтымақтастығы туралы 1998 жылғы 24 қарашадағы келісімнің ережелерін іске асыра отырып,

төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төменде келтірілген ұғымдар мен терминдер мынаны білдіреді:

"бірлескен отын-энергетикалық теңгерім" - ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің отын-энергетикалық ресурстарын өндіруді, ішкі рынокта тұтынуды, олардың экспорты мен импортын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі;

"ұлттық отын-энергетикалық теңгерім" - ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің отын-энергетикалық ресурстарын өндіруді, ішкі рынокта тұтынуды, олардың экспорты мен импортын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі;

"Тараптардың құзыретті органдары":

Беларусь Республикасынан - Беларусь Республикасының Экономика министрлігі мен Энергетика министрлігі;

Қазақстан Республикасынан - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;

Қырғыз Республикасынан - Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Энергетика жөніндегі мемлекеттік агенттігі;

Ресей Федерациясынан - Ресей Федерациясының Өнеркәсіп және энергетика министрлігі;

Тәжікстан Республикасынан - Тәжікстан Республикасының Энергетика министрлігі.

## **2-бап**

Бірлескен отын-энергетикалық теңгерім, ЕурАзЭҚ ішкі рыногының отын-энергетикалық ресурстарға деген қажеттіліктерін қамтамасыз ету жолдарын оңтайландыруға, осы ресурстарды мемлекетаралық жеткізілімдер үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы оның сұранысы мен ұсыныстарын теңгерімдеуге мүмкіндік беретін орта мерзімдік кезеңге (3 - 5 жыл) әзірленеді.

## **3-бап**

Ұлттық отын-энергетикалық теңгерімдер мен бірлескен отын-энергетикалық теңгерім осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген тізбеге сәйкес отын-энергетикалық ресурстардың түрлері бойынша әзірленеді.

## **4-бап**

Бірлескен отын-энергетикалық теңгерімді әзірлеу Тараптар жасаған ұлттық отын-энергетикалық теңгерімдердің негізінде жүзеге асырылады. Тараптар жыл сайын 30 қарашаға дейін ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығына осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша есепті кезең ішіндегі, сондай-ақ ағымдағы және болжалды жылдарға арналған ұлттық отын-энергетикалық теңгерімдерді ұсынады

## **5-бап**

ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығы ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің жанындағы Энергетикалық саясат жөніндегі кеңеспен бірлесіп Тараптардың құзыретті органдары берген ақпараттың негізінде 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірлескен отын-энергетикалық теңгерім мен оған түсіндірме жазбаны, ЕурАзЭҚ ішкі рыногының отын-энергетикалық ресурстарға деген сұраныстарын қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды дайындайды.

Бірлескен отын-энергетикалық теңгерім мен оған түсіндірме жазба ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің ЕурАзЭҚ ішкі рыногының теңгерімділігі жөніндегі шешімінің жобасымен бірге жыл сайын 1 наурыздан кешіктірмей белгіленген тәртіппен ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің (үкімет басшылары деңгейінде) қарауына енгізіледі.

## **6-бап**

Тараптардың құзыретті органдарының бірлескен отын-энергетикалық теңгерімін әзірлеу жөніндегі қызметін үйлестіруді ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің жанындағы Энергетикалық саясат жөніндегі кеңес жүзеге асырады.

## **7-бап**

Тараптардың өзара келісім бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің 10-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жеке хаттамалармен ресімделеді.

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың қатысушылары Тараптар болып табылатын басқа да халықаралық келісімдерден туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## **8-бап**

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер Тараптардың арасындағы консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дауды ЕурАзЭҚ-тың Соты қарайды.

## **9-бап**

ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық Комитеті осы Келісімнің депозитарийі болып табылады.

## **10-бап**

Осы Келісім Тараптардың, оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламасын депозитарийдің алған күнінен бастап күшіне енеді.

Әрбір Тарап бұл туралы осы Келісімнен шыққанға дейін депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып одан шыға алады.

Осы Келісімнің бұл Тарапқа қатысты қолданылуы депозитарийдің осындай хабарламаны алған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін тоқтатылады.

2005 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласында орыс тіліндегі бір данада жасалды.

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы, оның куәландырылған көшірмесін әрбір Тарапқа жіберетін ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық Комитетінде сақталады.

Беларусь Қазақстан Қырғыз

Республикасының Республикасының Республикасының

Үкіметі үшін Үкіметі үшін Үкіметі үшін  
Ресей Тәжікстан  
Федерациясының Республикасының  
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Еуразия экономикалық  
қоғамдастығына мүше  
мемлекеттердің отын-  
энергетикалық  
теңгерімін бірлесіп  
әзірлеу туралы  
келісімге 1-қосымша

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің  
бірлескен және ұлттық отын-энергетикалық  
теңгерімдерін жасауға арналған отын-энергетикалық  
ресурстардың тізбесі

1. Мұнай, газ конденсатын қоса алғанда
2. Автомобиль бензині
3. Дизель отыны
4. Отындық мазут
5. Табиғи және ілеспе газ
6. Көмір
7. Электр энергиясы

Еуразия экономикалық  
қоғамдастығына мүше  
мемлекеттердің отын-  
энергетикалық  
теңгерімін бірлесіп  
әзірлеу туралы  
келісімге 2-қосымша

(ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттің атауы )

\_\_\_\_\_ 20\_\_ - 20\_\_ жылдарға арналған

(энергия ресурсының атауы)

теңгерімі

**(өлш. бір)**

Баланс баптарының атауы	Есеп беру	Ағымдағы кезең	Болжам
-------------------------	-----------	----------------	--------

Ресурстар - барлығы,

оның ішінде:

Жеке ресурстар

Импорт - барлығы,

оның ішінде:

ЕурАзЭҚ-қа  
 мүше мемлекеттерден  
 - барлығы,  
 оның ішінде:  
 Ресей Федерациясынан

.....  
 өзге мемлекеттерден

.....  
 Бөлу - барлығы,  
 оның ішінде:  
 ішкі рынокқа жеткізу  
 Экспорт - барлығы,  
 оның ішінде:  
 ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттерге  
 барлығы,  
 оның ішінде:

.....  
 өзге мемлекеттерге - барлығы,  
 оның ішінде:

.....

Еуразия экономикалық  
 қоғамдастығына мүше  
 мемлекеттердің отын-  
 энергетикалық  
 теңгерімін бірлесіп  
 әзірлеу туралы  
 келісімге 3-қосымша

**20\_\_-20\_\_ жылдарға арналған ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің  
 бірлескен отын-энергетикалық теңгерімінің жобасы**

(энергия ресурсының атауы)

Теңгерім баптарының атауы	Есеп беру	Ағым-дағы	Болжам		
			4	5	6
1	2	3			
Ресурстар, барлығы					
Жеке ресурстар					
Беларусь Республикасы					
Қазақстан Республикасы					
Қырғыз Республикасы					
Ресей Федерациясы					
Тәжікстан Республикасы					
ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттерден					

импорты					
Беларусь Республикасы					
Қазақстан Республикасы					
Қырғыз Республикасы					
Ресей Федерациясы					
Тәжікстан Республикасы					
Бөлу - барлығы					
Ішкі рынокқа жеткізу					
Беларусь Республикасына					
оның ішінде:					
Ресей Федерациясынан					
-----					
Қазақстан Республикасына					
оның ішінде:					
Ресей Федерациясынан					
-----					
Қырғыз Республикасына					
оның ішінде:					
Ресей Федерациясынан					
-----					
Ресей Федерациясына					
оның ішінде:					
Қазақстан Республикасынан					
-----					
Тәжікстан Республикасына					
оның ішінде:					
Қырғыз Республикасынан					
-----					
ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумақтары шегінен тысқары жерлерге экспорт					
Беларусь Республикасы					
Қазақстан Республикасы					
Қырғыз Республикасы					
Ресей Федерациясы					
Тәжікстан Республикасы					

Осымен бұл мәтіннің 2005 жылғы 27 қыркүйекте Душанбе қаласында, Беларусь Республикасының Премьер-Министрі - С.С.Сидорский, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі - Д.К.Ахметов, Қырғыз Республикасы вице-Премьер-Министрінің міндетін атқарушы - А.К.Мадумаров, Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы -

М.Е.Фрадков, Тәжікстан Республикасының Премьер-Министрі - А.Г.Акилов қол қойған Еуразия экономикалық қоғамдастығы мемлекетаралық кеңесінің N 239 шешімінің түпнұсқалылық және толық көшірмесі болып табылатындығын куәландырамын.

Түпнұсқа дана Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетінде сақталады.

Барлығы 6 параққа қол қойылған және  
мөрмен бекітілген

ЕурАзЭҚ-тың Бас хатшысы Г.Рапота

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК